



8 халықаралық әйелдер күні құтты болсын!
Наурыз



№18 (1021)
7 наурыз
сенбі
2026 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Лудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аналар!
Ардақты арулар мен қадірлі қарындастар!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызда «Барлық жақсылық күннің нұрынан, жылылық әйелдердің аялы алақанынан таралған» деген сөз бар. Алтын құрсақ ананың амандығы мен баланың жарқын күлкісі – біздің басты байлығымыз.

Дана халқымыз нәзікандарды қастерлеп, шаңырақтың ұйытқысына, ынтымақ пен ырыстың алтын діңгегіне балаған.

Сіздердің мейрім мен қамқорлыққа толы жүректеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз бен даналықтарыңыз қоғамымыздың дамуына айрықша үлес қосып келеді.

Біздің аналарымыз, аруларымыз тек отбасының береке-бірлігі, ұйытқысы ғана емес, олар қоғамды дамытуға, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтуға зор үлес қосуда.

Ауданымызда құрылған «Ұлағатты аналар» кеңесі ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, отбасылық құндылықтарды насихаттау мен ұрпақтар сабақтастығын нығайту бағытында нәтижелі жұмыс жасауда.

Адал еңбек пен ұлттық өнерді ұштастырып, ел бірлігі мен рухани құндылықтарды насихаттап жүрген ақжұлықты аналарымыздың зор еңбегін атап өткен жөн.

Аға ұрпақтың игілікті жұмыстарын одан әрі жалғастырып, аудан экономикасы мен мәдениетін көтеруге атсалысып, субелі үлес қосып жүрген абзал аналарымыз бен апа-қарындастарымыздың есімін әрдайым мақтан етеміз.

Құрметті аналар, аналар, әріптестер!

Сіздердің ел дамуына қосқан өлшеусіз ерен еңбектеріңізге шынайы ризашылығымды білдіре отырып, шын жүректен ақ тілеу алғысым мен зор құрметімді білдіремін.

Көктемнің қырмызы гүліндей құлпырып, әсемдік пен әдеміліктің иесі болып, бақытты да баянды ғұмыр көшіңіздер. Осынау мерейлі мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен, Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ – ҰЛТҚА ҚҰРМЕТ



Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов жалағаштық аналарды мерекемен құттықтады.

– Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің мейрім мен қамқорлыққа толы жүректеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз бен даналықтарыңыз қоғамымыздың дамуына айрықша үлес қосып келеді. Сіздер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтуға зор үлес қосып келесіздер. Біз, әр адам-

дар, сіздердің ауыр да жауапты еңбектеріңізге әрдайым құрметпен қараймыз және сіздерге шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Көктемнің қырмызы гүліндей құлпырып, әсемдік пен әдеміліктің иесі бола отырып, бақытты да баянды ғұмыр көшіңіздер. Осынау мерейлі мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін! – деді аудан әкімі.



Қазіргі таңда ауданымызда 1642 көпбалалы отбасы бар. Олардың ішінде 374 ана «Алтын алқа», 594 ана «Күміс алқа» иегері болып табылады. Сонымен қатар 37 батыр ана мен 45 ана «Ана даңқы» орденімен марапатталған.

«Ұлағатты аналар» кеңесі ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, отбасылық құндылықтарды насихаттау және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында маңызды жұмыстар атқарып келеді. Бұл кеңес өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, аналар мен қыз-келіншектердің құқықтарын қорғауда ерекше рөл атқаруда.

Мерекелік жиында әр салада елеулі еңбек етіп жүрген қыз-

келіншектер мен ардагер аналар облыс әкімімен аудан басшысының алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар Жалағаш аудандық қоғамдық даму бөлімінің статист маманы Райқұл Оманова мен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің директоры Айнур Мыхановаға Жалағаш ауданының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Мерекелік шара одан әрі концерттік бағдарламаға ұласып, өнерпаздар шығармашылық қойылымдарымен көрерменге мерекелік кеш сыйлады.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ

Маман мерейі

Антына адал ару

Әйел затының болмысында түсіндіре алмайтын бір тылсым күш бар. Жаратылыс оған мейрім мен жұмсақтық сыйлағанымен, тағдыр кейде батылдық пен қайсарлықты да қатар жүктейді екен. Сондай сәттерде «Осынша ер мінез бен табандылық осы болмысқа қалай сыйып кеткен?» деп ойланасыз. Қоғам тыныштығын күзету көп жағдайда ер-азаматтардың еншісіндегі ауыр қызмет саналады. Алайда осы жолды таңдаған арулар да аз емес. Иығына погон тағып, күн сайын түрлі сынақпен бетпе-бет келеді. Сырттай қарағанда байсалды көрінетін бұл жандардың бойында қажыр-қайрат қатар өрілген. Қызмет формасының ар жағында ел тыныштығына деген шынайы жанашырлық жатыр. Бәлкім, әйел табиғатының күші де осында шығар.

Салтанат Табынбайқызы – Жалағаш ауданы полиция бөлімінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі тобының инспекторы, полиция майоры. Қоғам тыныштығын күзету жолындағы қызметіне табан аудармай еңбек етіп келе жатқанына 26 жыл болды. Сыр өңірінің перзенті дүние есігін Қызылорда қаласында ашқан. Балалық шағының бір белесі әке қызметіне байланысты Жалағаштың кең жазирасына табан тіреген сәттен бастау алады. Сол күннен бастап бұл өлке оның өмір жолымен біте қайнасып, туған топырақтай жақын мекенге айналды. Уақыт өте келе сол таныс орта, сол елдің тынысы оны жауапты қызмет жолына жетеледі. Бүгінде ол тәртіп саласында тәжірибесі толысқан, қызметке адалдығын ісімен дәлелдеп жүрген мамандар қатарында.

2003 жылы алтын ұя мектебінен қанат қаққан ару білім жолын жалғастырып, сарапшы-бағалаушы мамандығы бойынша оқуға түседі. Ізденіске толы жылдар оның кәсіби көкжиегін кеңейтіп, кейін заңгер мамандығын да игеруіне жол ашады. Осылайша білім мен тәжірибені қатар ұштастырған ол таңдаған саласына нық қадаммен бет бұрды. Бұл салаға келуіне әке болмысы себеп болғанын кейіпкер жасырмайды. Бала күнінен кез алдында жүрген өкпенің өмір салты, тәртібі мен талапшылдығы санасына ерте сіңіпті. Таңмен таласа тұрып, уақытпен жүріп, уақытпен тірлік ететін әке үйдегі тәртіптің де, тәрбиенің де өзегіне айналған. Қазір жастар жиі айтатын «идеал тұлға»

деген ұғым бар ғой. Кейіпкер үшін ол ұғым алыстан ізделген бейне емес, өз шаңырағындағы әке бейнесі еді. Бүгінде подполковник шенінде зейнетке шыққан әке қызының бұл жолды таңдағанын алғаш естігенде қатты қарсылық танытпапты. Бәлкім, қыз жүрегіңдегі табандылықты сезген болар. Бәлкім, өз тәрбиесінің бекер кетпегенін түсінген шығар. Ең бастысы – сенді. Ал әке сенген қыз сол сенімді ақтады. «Ең есімде қалғаны – әкемнің көзіндегі қуаныштың жасы» дейді ол бір сәт үнсіз қалып. Өйткені ата-ана үшін баласының биігін көрген сәттен асқан бақыт жоқ.

– Бұл қызмет темірдей тәртіп пен заңға деген адалдықты талап етеді. Қоғам тыныштығын күзету – әр күннің басты міндеті. Құқық бұзушылықтың алдын алып, ел қауіпсіздігін сақтау жолында кейде уақыттың өзі екінің орынға ығысып кетеді. Тәуліктің қай мезгілі болса да қызмет тоқтамайды. Кейде қауіптен бетпе-бет келетін сәттер де кездеседі. Осындай жауапкершілік отбасыға көңіл бөлуге келгенде тосылып қоятын кездер бар. Бірақ елдің амандығы мен жұрттың тыныштығы бәрінен қымбат, – дейді кейіпкер.

Саналы ғұмырын ел тыныштығын күзетуге арнаған ол осы уақытқа дейін түрлі деңгейдегі отызға жуық марапатқа ие болды. Еңбегі өлеңіп, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан полициясына 30 жыл» төс белгісімен марапатталып, ПД, АПБ басшылығының, сондай-ақ облыс



пен аудан әкімдерінің Алғыс хатын иеленді. Ал ІІО-ның І және ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталуы – оның қызметіне деген адалдығы мен кәсіби жауапкершілігінің айқын көрінісі.

– Ер мамандықтың өз қиындығы бар. Ал бұл салада жауапкершілік екі есе сезіледі. Сондықтан әрбір күн тәртіп пен талапқа сай еңбек етумен өтеді. Бұл мамандық маған өмірдің талай сабағын үйретті. Қызмет барысында әртүрлі жағдаймен бетпе-бет келіп, ең алдымен сабыр сақтаудың, шыдамдылықтың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Кейде бір сәттік шешімнің артында үлкен жауапкершілік жататынын да осы жолдан сезіндім. Адам тағдырымен байланысты сәттерде салмақты ойлап, әр іске байыппен қарау уақыт өте келе өмірлік ұстанымға да айналады екен. Ең бастысы, жылдар

бойы жинақталған тәжірибе қандай жағдайда да адамдық қалыптан айнымауға үйретті, – дейді Салтанат Табынбайқызы.

Жылтыр погон алыстан қараған жанға тек айбар болып көрінуі мүмкін. Ал оны иыққа тағып жүру – үлкен тәзім мен табандылықты талап ететін жауапты жүк. Сол жүктің салмағын қайыпқай көтеріп жүрген қазақ әйелдері – елдік қызметтің үнсіз қаһармандары десек артық емес. Нәзік болмысына қарамастан, қоғам тыныштығы үшін еңбек етіп жүрген мұндай жандарға бас ию – құрметтің ең биік белгісі. Саланың ыстығы мен суығын қатар көрген кейіпкерімздің ұлы да бүгінде тергеуші мамандығын таңдауға бел бұған. Бір кезде әке жүрегі батыл қабылдаған шешімді енді ана жүрегі қалай қарсы алар екен?!

Гүлжан ЕСЖАН

Асыл жандар алғыс алды

Кеше Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Руханият» орталығында аудан әкімі Ардақ Ибраимов әйел-аналармен кездесті. Аудан басшысы жиналған қауымды көктемнің шуғылалы мерекесімен құттықтап, өмір тәжірибесі мен өнегесі мол асыл әжелерге ерекше ілтипат білдірді. Шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен алтынқұрсақты аналар қатысты.



– Ана – әр отбасының берекесі, шаңырақтың шуағы, ұлт тәрбиесінің алтын діңгегі. Отбасы мемлекеттің негізі десек, сол отбасының ынтымағы мен бірлігін сақтауда ананың орны айрықша. Бүгінде ауданымызда 1642 көпбалалы отбасы бар. Олардың ішінде 374 ана – «Алтын алқа», 594 ана – «Күміс алқа» иегері. Сондай-ақ 37 батыр ана және «Ана даңқы» орденімен марапатталған 45 анамыз бар. Бұл аналардың қоғамдағы еңбегіне көрсетілген үлкен құрметтің көрінісі деп білемін. Сонымен қатар аудандық аналар кеңесі ұрпақ сабақтастығын сақтауға, ұлттық дәстүр мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуге зор үлес қосып келеді, – деді аудан басшысы.

Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығына сәйкес бірқатар көпбалалы анаға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» табысталды. Марапат иелеріне құрмет көрсетілген салтанатты сәтте қазақы дәстүр жалғасын тауып, ақ батаның да орны белек болды.

«Ананың балаға берген батасы мен тілегі міндетті түрде қабыл болады» дейді дана халқымыз. Осы ретте жиналған көпшілікке ақ батасын беріп, ізгі тілегін арнау құрметі Күләш Мұстафаеваға ұсынылды.

Бүгін бәрі аналарға арналды. Гүл шоқтары, әсем өуен, қошемет пен сый да. Арқаға жабылған ақ жаулық та – ана атаулыға деген ақ пейілдің белгісі. Адам баласы қанша ерлік жасаса да, ананың ерлігінен теңесе алмайды. Себебі ана – өмір сыйлаған ұрпақ өсірген болашақты тәрбиелеген жан. Әрбір азаматтың жетістігінің артында ананың ақ тілегі мен мейірімі тұрады. Сол себепті анаға деген құрмет – ешқашан аласармайтын ұлы құндылық.

Гүлжан ЕСЖАН

Шаруасы шираған Мөрәлі Шәменов

Фасырға жуық тарихы бар ауылдың негізгі кәсібі – мал өсіру һәм егін. Рас, іргетасы 1929 жылы «Елтай», «Иіркөл», «Белсенді», «Жігер» атты төрт ауылдың бірігуімен қаланған, Молотов атын иеленген колхоз аты одан кейін де өзгерді. Құрылғалы Мәден Қалжанов, Әбдірахман Тәшімбетов, Қорғанбек Алмасов сынды азаматтар тұтқа болған елді 1955 жылдан бастап бүгінде ауылға аты берілген қайраткер Мөрәлі Шәменов басқарған болатын. Екі жылдан соң осындағы жұрт Таң колхозымен қосылып, Коммунизм атанды. Тарихи деректер осылай сөйлейді.



Өткен ғасырдың 60-шы жылдары Үкімет қаулысымен көп колхоз ірілендеру науқанымен совхозға айналды. Айталық, 1963 жылы Коммунизм мен Партияның XXII съезі атындағы колхоз қосылды. Осы кезеңде Жалағаш кенті, Таң, Ақсу ауылдары Коммунизм совхозына қарапты. Совхозды Мөрәлі Шәменов басқарып, орталығы Жалағаш кентіне ауысқан. Қазіргі аудан орталығында көптеген мәдени-әкімшілік құрылыстың жүруі де осы кез болса керек.

– Еңбеккерлердің арқасында совхоз көп жетістікке жеткен. 1971 жылы облыста бірінші болып «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталыпты. 1975 жылдан бері Коммунизм совхозының орталығы қазіргі М.Шәменов ауылына ауысты. Аудан бойынша мал бордақылау совхозы болып қайта құрылған ел төрт түлікпен қатар, егін егуде де көп ауылға үлгі болған. – деді ауылдық округ әкімі Ғалымжан Есжанов.

Біз баяндап отырған Мөрәлі Шәменов ауылында 200-ден астам шаңырақ бар. Аудан орталығынан онша алыс емес, елдің бірлігі бекем, табысы да тұрақты. Ал мемлекет қолдауымен мұнда атқарылған іс көп. Былтырдың өзінде

«Ауыл – ел бесігі» жобасымен ауыл ішіндегі Жамбыл және Б.Ердузәлова көшелері күрделі жөндеуден өтті. Жалпы ауылда 12 ішкі көше бар, барлығына асфалт төселген. Расы керек, мұндай жаңарған жол инфрақұрылымы көп ауылда кездесе бермейді.

– Ауыл ішін көркейту, абаттандыру, тазалығын сақтау – тек өкімдік қана емес, барлық тұрғынның басты міндеті. Айтпақшы, былтыр осындай жұмыстарға 1 млн 634 мың теңге беріліп, санитарлық-тазаалық жұмыстарына 807 мың теңге жұмсалды. Екіншіден, «Мега Агро» ЖШС қаражаты есебінен 2 млн теңгеге ауылдың электр бағаналарын ауыстыруға жобасметалық құжаты дайындалды. Қазір жоба аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне ұсынылған. Негізінен біздің ауыл егін егу, мал өсіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысады. Өткен жылы 850 гектар күріш, 86 гектар жаздық бидай егіліп, 311 гектар

өскі жоңышқа күтімге алынған, 122 гектар жаңа жоңышқа егілді. Сондай-ақ ауылдастарымыз көбіне жылқы мен ірі қара өсіреді. Уақ мал да баршылық, – дейді ауыл әкімі.

Оның сөзінше, елді мекенде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы мал шаруашылығымен айналысуға бір жоба мақұлданып, 18 млн теңгеден астам несие берілген. Бұған қосымша «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының мемлекеттік грантын 3 ауыл тұрғыны ұтып алыпты. Оның жалпы құны 4 млн 718 мың теңгеге құрайды. Қазір қолдау алған ауыл азаматтары өз кәсіптерін жандандырып, құс шаруашылығын дамытып, жылқы мен сиыр өсіруді қолға алған. Одан басқа жылжымай шаруашылығын дамытқан тұрғын бар. Ондағы өнімдерге де сұраныс жоғары.

– Біз отбасымызбен көп жылдан бері бау-бақша егумен айналысамыз. Бастапқыда өз

күшімізбен жылжымай салып, үш-төрт жылдық көлемінде онда қияр, қызанақ және түрлі гүлді тұқымнан бастап өсірудеміз. Тұқымнан өнген көшеттерге сұраныс көп. Өйткені тұрғындар тұқымнан бастап егуді емес, дайын көшет түрінде алып, бақшасына отырғызғанды қолайлы көреді. Бір жағынан уақыт үнемдеуге де жақсы. Қазір қияр мен қызанақ көшеттерін көршілес Қармақшы, Сырдария аудандарынан бөлек өз-өзіміздің жалағаштықтар да көптеп сатып алады, – дейді ауыл тұрғыны Айымгүл Мәдібергекқызы.

Отбасылық кәсіпті жандандырып Айымгүл апай бау өсіру, бақша салу кәсібі атадан балаға мирас ретінде келе жатқанын айтады. Оның сөзінше, Сөйіт есімді бағбан атасы Ташкент жерінен түрлі алма, алмұрт, өрік сынды жеміс көшеттерін алдырып, тұтас ауылға отырғызған көрінеді.

– Жылжымай шаруашылығын дамытуға «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарлама-

сының қолдау қаражаты үлкен көмек болды. 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие алдық. Жылжымай газ тартуға, жылуын дұрыстауға, өзге де қажеттіліктерге қаражат керек екені белгілі. Қазір дайын өнімдеріміз, яғни қияр мен қызанақ тұрақты сатылымда. Сондай-ақ бір адамды жұмыспен қамтып отырмын, – дейді ол.

Мөрәлі Шәменов ауылында барлық өлеуметтік нысандар толығымен қамтылған. Әрі біразы жаңа күйде. Ел ішінде білім беретін орта мектеп болса, онда 36 мұғалім еңбек етеді. Сондай-ақ 90 орындық «Бәбек» бөбекжай бақшасында төрт топта балалар тәрбиеленуде. Ал ауылдық емханада жоғары білімді дәрігермен бірге 9 медбике ауылдағы ағайынның денсаулығын күзетіп жүр. Аса ауыр науқастарды тасымалдауға жедел жәрдем көлігі берілген.

– Екі жыл бұрын біздің ауылға облыстық бюджеттен қаржы қаралып, «көгілдір отын» келді. Қазір барлық отбасы табиғи газ тұтынып отыр. Ендігі міндет – өлеуметтік нысандарды газға қосу. Быыл Мәдениет үйін газдандыруға 36, емханаға газ жүргізуге 4 млн теңге қаралды. Бір айта кететінім, қазақ тәрбиесінде, руханиятында күллі адамдар мен ол жатқан мекенді қадір тұтқаны белгілі ғой. Бүгінде ауыл маңындағы Түмен баба кесенесіне 4 млн бөлінді. Әулие басын қайта жаңғырту жұмысы алдағы уақытта басталады, – деді Ғалымжан Есжанов.

Айтпақшы, орталықтан 25 шақырым ғана қашықта орналасқан ауылда спорт мектебі бар. Елдегі балалар көбіне қазақ күресімен шұғылданатын көрінеді. Елу шақты ұлды бөзілемде қос жаттықтырушы шынықтырады.

– Жалпы елі ішіндегі ахуал тұрақты. Ұрлық не өзге құқық бұзушылық жоқ. Балалар мен жастарымыз тәртіпті. Үлкендердің ақилын тындап, нағыз елдік дәстүрден аттамай өсіп келеді. Оның үстіне ауыл қауіпсіздігін қамтамасыз ететін уәкілетті полиция инспекторының еңбегін де айтақ болады. Ал ауыл ішінде 6 жылдан бері Мөрәлі ата мешіті жұмыс істейді, имамымыз халыққа дін мен руханият жағынан дұрыс бағыт беріп келеді, – деді ауыл әкімі.

Ержан ҚОЖАС

Тағылым

«Невада-Семей»: 37 жылдық тарих



Аптаның сөйсенбі күні ауданда «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының құрылғанына 37 жыл толуына орай тағылымды жиын өтті. Алдымен жиналған жұрт «Тағзым» алаңында Семей ядролық сынақ полигоны құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті. Тағылымды шара «Руханият» орталығында жарғымен тапты. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұматай Қорғанбаев және антиядролық қозғалыстың ардагерлері қатысты.

1949 жылдың 29 тамызы. Таңғы аспан әлі толық ашылмаған шақ. Кеңет көк жүзін жарып шыққан отты шар даланың жарық қылып жіберді. Сол сәттен бастап Семей өңірі әлемдегі ең ірі ядролық сынақ алаңының біріне айналды. Барлығы 468 ядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы жер бетінде және әуе кеңістігінде өтті. Қалғаны жер астында жасырын жүргізілді. Бірақ жер астына жасалған жарылыс жер үстіндегі өмірді өзгерте алмады ма?

1953 жылы 12 тамызда термоядролық құрылыс ашылған шақ. Оның қуаты 480 килотоннаға жетті. Аспанға көтерілген саңырауқұлақ тәрізді бұлт 16 шақырым биіктікке дейін көтерілді. Екі жылдан кейін, яғни 1955 жылы 22 қарашада, қуаты 1,7 мегатонна болатын тағы бір термоядролық жарылыс жасалды. Оның дүмпуі тек Семей даласын ғана емес, Қазақстанның кең аумағын, Ресейдің көршілес өңірлерін де тітірентті.

Жер дірілдегенде адам жүрегі қалай тыныш қалсын!? 1962 жылдан 1989 жылға дейін Дегелең тауының қойнауында 340 жарасты жарылыс жасалды. Кей жылдары 14-18 сынақ қатарынан аткізіліп отырды. Бұл сынақтардың әрқайсысы табиғаттың тынысын тарылтқандай еді. Тау да, тас та бәрін үнсіз көтерді. Бірақ үнсіздік шымдының белгісі ме, қайдам, амалсыздың көрінісі болды бәлкім.

– «Невада-Семей» полигонының тарихы халқымыздың тағдырымен тығыз байланысты. Семей даласында жүргізілген ядролық сынақтар талай жанның өміріне ауыр салмақ салды. Сол жылдары көптеген жас жігіт әскери борышын дәл сол өңірде өтеді. Ол кезде әскерге бармау сын саналатын, сондықтан азаматтар Отан алдындағы парызын үнсіз атқарды. Сіздердің ерліктеріңіз батырлықпен пара-пар бағаланады. Сөбебі ел амаңдығы үшін қызмет ету, антқа адал болу – нағыз ер азаматтың қасиеті. Тарихтың сол бір күрделі кезеңі бүгін бейбіт өмірдің қадірін тереңірек ұғындырады. Сіздердің табандылықтарыңыз бен төзімдеріңіз кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді, – деді Фани Сүлейменов.

Жарылыстардың көрінбейтін көлеңкесі уақыт өте келе айқындала түсті. Радиациялық фон кей жерлерде 3000-4000 микрорентгенге дейін көтерілді. Бұл табиғи деңгейден екі жүз есеге жоғары еді. Желмен тараған радиоактивті бұлттар ондаған мың адам тұратын ауылдарға жетті. Осыдан кейін адам тағдырында қандай өзгеріс болды? Өкпе мен сүт безі катерлі ісігі көбейді. Онкологиялық аурулар үш есеге артты. Ал өмір есігін жаңа ашқан сәбилердің тағдыры ше?

Бұл қасірет тек Семей өңірімен шектелген жоқ, 1947 жылы КСРО Министрлер

Кеңесінің №2642-817 қаулысы бойынша Капустин Яр полигоны құрылып, Нарын өңірінің 1,5 миллион гектар жері сынақ алаңына айналды. Сол жерде мыңдаған зымыран ұшырылып, аспан тағы да отқа оранды.

Тарих тарқатылған тағылымда жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев құрлықтағы Солтүстік Корея елінің саясатын мысалға ала отырып, әлемдегі күрделі геосаяси жағдайға тоқталды. Ол мұндай жағдайларда бейбітшілік пен тұрақтылықты басты құндылық еткен Қазақстанның ұстанып отырған саясатына оң бағасын берді.

– 2026 жылдың басында Таяу Шығыстағы жағдай тағы да шиеленісті. Иран төңірегіндегі әскери қақтығыстар мен зымыран соққылары әлем назарын қайтадан ядролық қауіпке аударды. Бірақ бүгінгі әлемде тағы да қарудың үні естілсе, адамзат сол сабақты шынымен түсінді ме? Семей полигоны жабылғанымен, ядролық қауіптің көлеңкесі толық сөйілген жоқ. Жердің жүрегін жаралаған жарылыстардың тарихы бізге бейбітшіліктің бағасын ұғындыруы тиіс еді ғой, – деді Садық Әлиев.

Кең ауқымды жиында «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы өткен жылдарда қатысты салмақты естеліктерін ортаға салды. Ол 2010 жылы төрағалық қызметке келген кезде сынақ алаңында қызмет еткен 150 сарбаздың небәрі 92-сі ғана қалғанын айтты.

– 1957-1959 жылдары Нарын аумағында 29 атомдық жарылыс жасалды. Азғыр маңындағы сынақтардан кейін радиоактивті қалдықтардың мөлшері қалыпты деңгейден 460 есе артық болды. Ал гамма сәулесінің деңгейі 155-3500 микрорентгенге дейін жетті. Радиация уақытпен бірге жоғалып кетпейді. Цезий мен стронцийдің жартылай ыдырау мерзімі 27-30 жылға созылса, плутоний 238 изотопының жартылай ыдырауы 90 жылға дейін барады. Демек, бұл зардап бір ұрпақтан бірге жоғалып кетпейді.

Тарихтың көлеңкесі келесі буынның иығына да түспей ме? Дегенмен халық үнсіз қалмады. 1989 жылы ақын Олжас Сүлейменовтің бастамасымен «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылды. Бұл қозғалыс бір елдің ғана емес, бүкіл әлемнің назарын аударды. Сол жылы жоспарланған 18 ядролық сынақтың 11-і тоқтатылды. Халықтың дауысы ақыры естілді. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Бұл тарихи шешім тек бір полигонның тағдырын ғана емес, тұтас дәуірдің бағытын өзгертті, – деді Жұматай Қорғанбаев.

Кездесуде Қазақстан Республикасы Ата заңының жаңа жобасы көнінен талқыланып, 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумның маңыздылығына да назар аударылды. Сондай-ақ конституциялық реформаның ел дамуы мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтудағы рөлі айтылып, тұрғындардың маңызды саяси науқанға белсенді қатысуы шақырылды.

Қырық жыл бойы жарылған ядролық сынақтардың үні өшіруге болар, ал сол жарылыстардың адам жанында қалған жаңғырығын өшіру қолдан келе ме? Дала бүгін тыныш. Аспан да бұрынғыдай кең. Бірақ сол тыныштықтың астарында тарихтың ауыр сабағы жатыр.

Өткенге үңілме, Тәубе де бүгінге. Жақсы атқа, мақсатқа, Жетесің түбінде... Қаныда, жаныда қазақ ардагерлерінің әуеніндей. Бір тудың астындағы бейбіт заман – алдыңғы буынның өлшеусіз ерлігімен дараланған қасиетті кезең. Бүгінгі тыныш таң, мамыражай өмір – олардың төккен тері мен тартқан тауқыметінің өтеуі. Ауыл алға жылжыған сайын сол буынның батырлығы мен табандылығы ұлт жадында жаңғырып, елдік рухты асқақтата түсері анық.

Гүлжан ЕСЖАН

Кездесу

Ауданда Конституцияның жаңа жобасын түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Осы бағытта аудандық партия филиалында газ тарату мекемесінің қызметкерлерімен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Басқосуда алдағы референдумның маңызы, конституциялық өзгерістердің негізгі бағыттары және олардың елдің өлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы кеңінен талқыланды.

Конституциялық реформа – ұзақмерзімді дамудың кепілі



Кездесуге «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» аумақтық коалициясының мүшесі Сәбит Жанашев, Қаншағұл Мұстафаева, Гүлжанат Қожабаева, Анар Жүсіпбекқызы және Асхат Ахметжамиев қатысты. Жиында Конституцияның жаңа жобасының мазмұны, оның қоғам сұранысына сәйкестігі және мемлекеттің одан әрі дамуына қосатын үлесі жан-жақты түсіндірілді. Қаншағұл Мұстафаева Конституция мемлекеттің негізгі заңы әрі қоғам дамуының басты бағдарын айқындайтын маңызды құжат екенін атап өтті. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер әділетті қоғам құрып алуға, заң үстемдігін нығайтуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

– Конституция – еліміздің заңнамалық негізі. Ол уақыт талабына сай өзгеріп отыруы тиіс. Біз отыз жылдан бері қолданыстағы Конституциямен өмір сүріп келеміз. Ал қазір ұсынылып отырған жаңа жоба – біртұтас жүйелі құжат. Мемлекет те, қоғам да, өлем де өзгерді. Бүкіл дүние цифрлық дәуірге аяқ басып жатыр. Осы тұрғыда Конституцияның жаңарғаны да дұрыс. Қазіргі негізгі заң мемлекетке бағдарланған құжат болса, жаңа жоба адамға бағдарлануымен ерекшеленеді. Мұнда адам құқықтары мен бостандықтары басты назарға алынған. Конституция тек едемі құжат қана болмауы керек. Ол адамды қорғайтын жұмыс құралы болуы тиіс. Конституция – мемлекет пен адам арасындағы қоғамдық келісім-шарт. Ата заңға енгізілген өзгерістер – ұзақмерзімді дамудың кепілі – деді ол.

Коалиция мүшелері реформалардың негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, қоғамдық бақылау тетіктерін нығайту және азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндігін кеңейту екенін жеткізді. Сонымен қатар жаңа жоба ашық талқылаудан өтіп, қоғам тарапынан айтылған ұсыныстардың ескерілетіні оның шынайы халықтық сипатқа ие екенін көрсететіні айтылды.

Кездесуде мекеме қызметкерлері өз ой-пікірлерін білдіріп, сауалдарын жолдады. Қатысушылар арасында еркін пікір алмасу өтіп, ұсыныстар назарға алынды. Қатысушылар жаңа Конституция жобасы елдің тұрақты дамуына негіз болатын маңызды құжат екеніне және алдағы референдум ел болашағын айқындайтын тарихи шешім боларына сенім білдірді.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Тарих

Партизан қыз Тұрғанбике

1982 жылдың шілде айының ортасы. Ол кезде мен аудандық партия комитетінде қызметте болатынмын. Жылдың осы уақытында аудан басшысы Қонысбек Қазантаевтан бастап барлық деңгейдегі бөлім, мекеме басшылары Қарақұм мен Қызылқұмдағы малшылар тойын өткізуге кететін. Осындай күндердің бірінде ауданға батыр партизан Қасым Қайсанов келе қалды.



Шамасы ол кісіні көрші ауданнан келіп жеткізіп салған болуы керек. Батырдың келетінінен аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Төлеш Есқазиев хабардар екен. Екі-үш қызметкер райкомның алдында қарсы алдық. Аман-саулықтан кейін Төлеш Есқазиевтің бөлмесіне кірдік.

Төкен аудан басшылары іс-сапарда екенін айтып, ауданның тыныс-тіршілік жағдайына мектептердегі әскери патриоттық тәрбие барысы соғыс ардагерлерінің хал-жағдайынан мәлімет берді. Батыр партизан іс-сапарының мақсатын түсіндіріп, жақын ауылдағы бір мектепке барып, оқушылармен кездескісі келетінін айтты. Төкен мені Қасым Қайсановке таныстырып, «Мына жігіт сізді жақын жердегі Ақсу кеңсарына алып барады. Мектеп ұжымы күтіп отыр» деді.

Осылайша мен батыр партизанмен сапарлас болдым. Жолда Қасым Қайсанов менен «Әкең бар ма, соғысқа қатысқан ба?» деп сұрады. Мен өкемнің Сталинград майданына қатысқанын, басынан жараланып, жағының сыңғанын, бір көзінің сыртқа шығып көткенін айтқаныма, батыр аға артына бұрылып: «Әкен де мен сияқты жараланған екен, бастан жараланған өте ауыр, соғыста жауынгерлердің басын қорғайтыны содан» деді.

– Бул ауданда партизан қозғалысына қатысқандар бар ма? – деді тағы да. Мен соғыстың алғашқы жылдарында күші басым жауға қарсы шайқастарда амалсыздан тұтқынға түсіп, концлагерлерден қашып шығып, Италия, Франция, Балхан елдеріндегі партизан қозғалысына қатысқандар бар екенін айттым.

– Бул ауданда партизан қыз-келіншектер бар ма? – деді.

Ол кісі бұл сұрақты маған бекерден-бекер қоймаған екен. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина, Беларусь ескеріндегі партизан қозғалысының көшбасшысы болған ол республикамыздағы партизан қозғалысына қатысқандарды түгел біледі екен. Бүгінгі Еуразия құрлығында мекен өткен, ұшқан құстың қанаты талатын, көнбайтақ жерімізді сырт жаулардан қорғауда аналарымыз да батырлық пен ерліктың үлгісін көрсеткенін білеміз. Соның бірі – Бұқарбай батырдың жары Шынар анамыздың қаскөйлерге қарсы шайқасы. Бұл кейінгі қыздары мен ұрпақтарына өнеге болып тарихта қалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Әлия мен Мәншүк, ұшқыш Хиуаз Доспанова болса, жалағаштық партизан қыз Тұрғанбике Жұмабайқызы да ерен ерліктің үлгісін көрсеткен. Төрт жыл соғыстың алғашқы күнінен бастап соңына дейін Беларусь ескеріндегі батпақты ормандарында қар жамылып, мұз жастанып, құндақтаулы баласын қапшыққа салып, арқалап жүріп жеңісті жақындатуға жаумен бетпе-бет шайқасқанын бұл күндері біреу білсе, біреу біле бермейді.

Бүгінгі өңімінен арқауы болып отырған Тұрғаш Жұмабайқызы (шын аты Тұрғанбике) 1922 жылы Жалағаш қыстағында дүниеге келген. Оның әкесі Жұмабай Піржанұлы Ақсу өңірінде 1885 жылы дүниеге келіп, өмірінің соңына дейін теміржолда жұмысшы болды. 1937 жылы 52 жасында дүние салды. Шешесі Алуа Жүсіпқызы 1898 жылы Қараөзек бойындағы «Қызылүй-Муртық» деген жерде дүниеге келіп, 1959 жылы 61 жасында Жалағаш қыстағында қайтыс болған.

Теміржолда жұмыс істей жүріп, көп нәрсені ойға түйген Жұмабай қызының білім алғаны, орысша оқығаны қалайды. Әрине, бұған сол кездегі саясаттың да, теміржолда жұмыс істейтін орыс ұлты өкілдерінің көп болуы әсер еткені анық. Тұрғаш Жұмабайқызы Жалағаш қыстағындағы алғашқы қырғыз-қазақ училищесінде, кейін Сталин атындағы мектепте оқыған. Мектепті

1939 жылы үздік бітіргенімен, жоғары оқу орнында оқысам деген арманы жүзеге аспайды, бұған Тұрғаштың отбасылық жағдайы мүмкіндік бермейді. Сол жылы ол елге демалысқа келіп жатқан Батырхан Қаражігітов деген жас офицермен танысады. Екеуі бас қосып, тойларын өткізгеннен кейін Беларусьқа, яғни күйеуі әскери қызмет атқарып жүрген Батыс әскери округіне қарай сапар шегеді. Міне, Тұрғаштың Беларусь жеріндегі күндері осылай басталған болатын. Ол кезде қазақ қыздарының ел асып, қиян шетке кетуі сирек еді. Анасы Алуа да, туыстары да алаңдап қалды. Бірақ үш-төрт айдан кейін жастардан келген хат пен суреттер олардың көңілін бірлейді.

Ол кезде Батырхан Қаражігітов Беларусьияның Борисов ауданындағы Логайск деген жерде Қызыл армия қатарында взвод командирі болып қызмет атқарып жүрген лейтенант болатын. 1940 жылы шілде айында Тұрғаш босанып, дүниеге ер бала екеді. Бұл кезең Германиямен арадағы соғыс қауіпі туралы жалпы ел білмегенмен, шекара маңындағы әскерилердің сезгені, дайындық шараларының жүргізілгені белгілі. 1941 жыл басталысымен Тұрғаштың елге қайтысы келеді. Оған ауылды, туған-туыстарың, анасын сағынуы әсер етеді. Сонымен қатар өздері араласатын әскерилер мен олардың әйелдері арасындағы соғыс туралы әңгімелердің де әсері болғаны анық. Алайда Батырхан жазда демалыс алып, екеуі бірге баратынын айтып, оның елге жүруін кешейтіндетеді. Көп ұзамай әйелі күн кешіп, мамыражай тіршілік етіп отырған ел аспанын соғыс бұлты торлайды.

Неміс-фашист басқыншылары екі ел арасындағы шартты бұзып, бар әскері күшін Кеңес одағына төгеді. Ол шілденің бірінші аптасында-ақ Минск облысының көп жерін басып алады. 1941 жылы маусымның 22-сі сағат таңғы 4-те әскери дабылмен кеткен Батырхан сәлден соң телефон арқылы Тұрғашқа «Тез арада елге қайт» дейді, бірақ бұл кезде олар жау қоршауында қалып қойған еді. Бұлар тұрған әскери қалашықта адам түсініп болмайтын аласапыран басталады, жылаған бала, үрейлене жүрген әйелдер, әр тұста жарылған бомба, ысқырған снаряд, әскерилердің барлығы да алғы шелке кеткен олардан хабар жоқ, тек алыстан соғыс дабылы естіледі. Міне, осындай жағдайда панасыз қалған әскери қалашықтағы тұрғындар жақын жердегі Лугайск орманына барып паналайды. Осы кезде олардың қатарына жаралысы бар, басқасы бар әскерилер де жинала бастайды. Олардың ішінде жоғары шенді командирлер де, сержанттар мен қызыл әскерлер де болады. Өз бөлімшелерінен қалып қойған, адасқан саяси қызметкерлер де баршылық еді. Солардың ішінде №2-ші атқыштар дивизиясының көшпелі баспаханна бастығы аға политрук (саяси жетекші) Уәли Боржанұлы (ұлты ноғай) босқындарды бір топқа жинап, жасырын қаруланған үлкен топқа әкеліп қосады. Ал Батырханнан хабар ала алмаған Тұрғаш алаңдаулы еді, ұлын бірде арқалай, бірде қолына ала бұйрық бойынша әрекет етуге көшеді. Бұлардың жаудан көп қайтаруға кіркені басқыншылар үшін үлкен қауіпке айналады. Аталған топтың командирі Дорбин Николай екен. Біртіндеп топтары көбейіп, «Большевик» деген партизан отрядын құрып, аз уақыттың ішінде «Николай Шорс» атындағы партизандар бригадасы атанады. Осы бригаданың әскери комиссары Уәли Оразбаев болды. Ал кейін жазушы болған партизан Токтағали Жангелдин «Партизан күнделігі» атты кітаптың авторы Борисов ауданының жасырын комсомол ұйымының бірінші хатшысы екен. Тұрғаш апаидың есеп картасы сол кісі толтырыпты. Беларусьиядағы партизан қозғалысына 1500

қазақстандық қатысса, солардың ішінде Тұрғаш та бар еді, осылайша оның партизандық күндері басталды.

Соғыстың басталғанына бес-алты ай болса да, олардың отрядында радист болмайды. 1942 жылы қаңтардың аяғында Мәскеуден арнайы радиотехника мектебін бітірген Нұрғамын Байсейітқызы келіп, партизан бригадасына көмек көрсетеді. Осылайша «Үлкен жермен» байланыс орнатылады. Нұрғамын партизандарға соңғы хабарларды, Совинформбюроның хабарларын баяндап отырады. Көп ұзамай Нұрғамын Тұрғашты радиотехникаға үйреткеннен кейін өзі жауынгерлік тапсырмамен басқа бригадаға ауысып кетеді. Тұрғаш үш айдың ішінде неміс тілін жетік меңгереді. Көбіне радиотехниктердің қасында болып, әуе толқынында «Үлкен жерден» келіп жеткен құпия шифровкаларды тәржімалап, өте маңызды әрі қажет ақпараттарды өз командирлеріне жеткізіп отырады. Қолы бос кезде наубайханаға, асханға да көмек көрсетті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, әкелген тұтқыннан жауап алуға да қатысады. 1944 жылы тамыз айының 23-і күні неміс басқыншыларынан Беларусьияның көптеген жері азат етілгеннен кейін Тұрғаш Жұмабайқызы II-дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталды.

Бұған дейін олар небір қаһарлы күндерді, мазасыз түндерді өткізіп, оқ пен оттың арасынан өткен болатын. Бірде бұлардың тобы партизандарды жоғашыққан фашистердің үлкен бөліміне тапсырып, бөлімше бастады. Қолы бос кезде наубайханаға, асханға да көмек көрсетті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, әкелген тұтқыннан жауап алуға да қатысады. 1944 жылы тамыз айының 23-і күні неміс басқыншыларынан Беларусьияның көптеген жері азат етілгеннен кейін Тұрғаш Жұмабайқызы II-дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталды.

Бұған дейін олар небір қаһарлы күндерді, мазасыз түндерді өткізіп, оқ пен оттың арасынан өткен болатын. Бірде бұлардың тобы партизандарды жоғашыққан фашистердің үлкен бөліміне тапсырып, бөлімше бастады. Қолы бос кезде наубайханаға, асханға да көмек көрсетті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, әкелген тұтқыннан жауап алуға да қатысады. 1944 жылы тамыз айының 23-і күні неміс басқыншыларынан Беларусьияның көптеген жері азат етілгеннен кейін Тұрғаш Жұмабайқызы II-дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталды.

Ол Отан соғысы тарихында маңызды ұрыстардың бірі болып саналатын Одер маңындағы шайқасқа қатысады. Жаудың терең тылына Одер өзенінің маңына оларды бір түнде ұшқан апарып салады. Бұлар сол маң жаудан тазартқан өздеріне жүктелген жауынгерлік міндетті абыроймен орындайды. Орталық оларды қару-жарақ, дөрі-дәрмек, азық-түлікпен қажетті жарақтармен, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырады. Бірде олардың шағын тобы ізі жасыру мақсатымен орманда келе жатқанда жау қолына түсіп қалады. Оларды командатураға әкеліп ұрып-соқса да жөндерін айтпайды. Бұдан соң оларды «өлім лагеріне» айдайды, бір-екі ер адамды сол жерде атып тастайды.

Лагерде оларды жұмысқа салады, бірнеше тілге жетік болғандықтан Тұрғаш асханға ыдыс-аяқ жуушы болып орналасады. Тұтқандарға тамақ бермейді, ол неміс солдаттары асханасынан тамақ ұрлап алып шығып, түнде барраққа келгенде қасындағыларға үлестіріп отырады. Бірде барраққа қайтып келе жатып қоршау ішінде тұтқындардың ағаштың түскен жапырағын жел тұрғанын көріп,

қолындағын соларға лақтырады, сол кезде неміс солдаттары көріп қалып, қолын сындырады. Алайда баррақтағы тұтқын әйелдер арасынан сынықшы табылып, мұның қолын өмдеп шығады. Арада екі-үш ай уақыт өткен соң бұларды партизандар құтқырып алады да, ол бұрынғы отрядына қосылады.

Ақпараттық деректерге сүйенсек, Тұрғанбике Жұмабайқызы 1945 жылы тамыз айында елге оралады. Оның елге келуіне қатысты Шайхы Жүсіповтің естелігінде біраз мағлұмат айтылады. Жеті жыл елде болмаған орыс, украин, неміс, белорус тілдерін жетік білген оның ауылға келген сәтте қазақшаға қиналғанын айта отырып «Тұрғаштың киімдері өлі де көз алдыма. Үстінде гимнастерка, иығында погон, басында пилотка, шашын қысқа қиған юбкасы, аяғында хром етігі, белінде былғары белбеуі бар» деп суреттейді Ш.Жүсіпов.

Екі-үш ай өткесін Батырхан да елге оралады. Сонда Тұрғаш «Батырхан партизан болып жүргенде кездескенде атып тастар едім. Баламен екі жыл азап шегіп, қанша қиналдым. Соғыс басталмай тұрып елге апарып таста деп қанша жалынғаныммен тыңдамады, ақыры ұлымнан айырылдым» дейді күйініп. Жаны күйген ана осылай демегенде не десін?!

1945 жылы аудан орталығындағы балабақшаға меңгеруші болып қызметке орналасқан Т.Жұмабайқызы 1947 жылы өмірден озады. Соғыс салған жара жазылмай бақилық сапарға аттанып жүре берген қазақтың батыр қызының тағдырына, өмір жолына қатысты әлі талай зерттеулер жасалар, әлі талай еңбектер жазылады деген үмітпен қорытылып жасап, ой түйеміз.

Отандың азаттығы мен бостандығы үшін фашизмді талқандауда ерлермен қатар Отандымыздың қыз-келіншектері майдан шебінде ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Солардың бірі Тұрғанбике апамыздың жанқиярлық ерліктері дер кезінде бағаланбады. Төрт жыл Беларусьия мен Еуропаның батпақты өңірінде, ормандарында қар жамылып, мұз төсеніп, аш-жалаңаш жұріп жаумен шайқасып, денсаулығынан айырылып елге оралған Тұрғанбикенің бір-екі жыл өмір сүріп дүниеден өтуі аяншытса да қайғылы жағдай еді. Тұрғанбике апамыз бен Батырхан ағамыз жайлы көңөз кісілердің айтуынша, Тұрғанбике дүниеден өткеннен кейін Батырхан Түркістан әскери округте қызметін жалғастырып, отбасын құрып, зейнет демалысына шығып Алматы қаласында тұрған көрінеді. Осы мақаланы жазуда Батырхан ағаға жақын туысқаны болып келетін ауданымыздың байырғы тұрғыны, Тұрғаш Ақшамұратов ақсақалдан осы жайды сұраған едім.

– Мен 1972 жылы Алматыдағы жоғары оқу орнында оқып жүргенімде Батырхан ағамның туысқан інісі, қазіргі Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны марқұм Оразлы мен әйелі Жәмиланы ертіп Батырхан ағамның үйіне алып барған едім, – деп еске алған болатын.

Мен сексенші жылдардың басында Жалағаш қыстағында Батырханның нөмере қарындасы, аудандық байла-ныс бөлімінде телефоншы болып жұмыс атқаратын марқұм Қалдас Қаражігітовпен көрші тұрған едім. Сонда Қалдас Алматыда тұратын ағамның үйіне барып келдім деп жүретін. Ал соғыстан жеңіспен оралған партизан Тұрғанбикені алғаш көріп, оның әскери киіміне таңқалған және сөзін естіген Шайхы деген кісі сексенші жылдардың соңында дүниеден өткенін білеміз. Сұм соғыста арман ерте сөнді, миллиондаған боздақ жат жерде көз жұмды, талай ана жары мен бауыреті баласынан айырылды. Олардың бірі майдангер партизан Тұрғанбике апамыз еді.

Уақыт өткен сайын тарих беттері сарғайып, адамзат баласына қайғылы да қасіретті алып келген екінші дүниежүзілік соғыста еліміздің азаттығы мен бостандығы үшін жандарын қиған ерлердің есімі көмескіленген бара жатқандай. Елеусіз қалған есімдерді халқына қауыштыру, олардың майдандағы жанқиярлық ерліктерін бүгінгі, келешек ұрпаққа хабардар етіп, Отанға деген патриоттық сезімін арттыру бүгінгі аға ұрпақтың міндеті деп білеміз. Осы тұрғыда жалағаштық Тұрғанбике Жұмабайқызы еліміздің тарихынан өз орнын алады деген үміттіміз.

Уақыт өте береді, бірақ ел үшін жасалған ерлік халықтың жадында мәңгі жаңғыра береді. Мұндай ерлікті дәріптеуде біз кеш қалмауымыз керек.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

СЭБ бойынша есепті қарау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI Экологиялық кодексінің 57-бабы 6-тармағына сәйкес, мемлекеттік орган – әзірлеуші стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті оның сапасын бағалау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінің бас жоспарын түзету» қала құрылысы жобасы бойынша стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есеп келіп түсті.

Бас жобалаушы: «Қазақстанский ПИ «КАЗАХСТАН-ПРОЕКТ» ЖШС.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС.

Тапсырыс беруші: «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) төменде аталған мәселелер бойынша өз ескертүлері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

1) Жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және не үшін?

3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықпалын әсеріне байланысты сізде өзге де ескертүүлр мен ұсыныстар бар ма?

Қарастырылып отырған жобалау кезеңінің басталу және аяқталу мерзімдері:

– бастапқы жыл – 2024 ж.;

– құрылыстың бірінші кезеңі – 2030 ж.;

– есептік мерзім – 2040 ж.

Ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша іс-шаралар мерзімі: 2026 жылдың 11 наурызынан бастап, 2026 жылдың 10 сәуіріне дейін (ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылдың 10 сәуірі).

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Экологиялық саясат департаменті

Тел.: 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83, 8 7076173174.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертүүлр мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекен-жайларға жіберуге болады:

– электронды түрде на элэдрес Экология министрлігі Канцеляриясының электрондық адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжаттыңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);

– e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

– 8 7076173174 «WhatsApp» номеріне.

СЭБ бойынша материалдар:

1) Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі) «Негізгі құжаттар» – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

2) тапсырыс беруші Жалағаш ауданы әкімдігінің сайтында жарияланады.

Объявление о рассмотрении отчета СЭО

В соответствии с пунктом 6 статьи 57 Экологического Кодекса №400-VI от 02.01.2021 г. Республики Казахстан, государственного органа – разработчик обязан представить отчет по стратегической экологической оценке для оценки качества в полномочный орган в области охраны окружающей среды. В Министерстве экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, поступил отчет по стратегической экологической оценке по градостроительному проекту «Корректировка генерального плана поселка Жалағаш Жалағашского района, Кызылординской области».

Генеральный проектировщик: ТОО Казахстанский ПИ «КАЗАХСТАНПРОЕКТ».

Разработчик материалов СЭО: ТОО «Проектный институт «Казгипроград» 1.

Заказчик: Коммунальное государственное учреждение «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района».

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Проекта оказывать существенное воздействие на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Проекта и почему?

3) считаете ли Вы необходимым проведение СЭО? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Проекта на окружающую среду и здоровье населения?

Расматриваемые сроки начала и окончания проектного периода:

– исходный год – 2024 г.;

– первая очередь строительства – 2030 г.;

– расчетный срок – 2040 г.

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: с 11 марта 2026 года до 10 апреля 2026 года (последний день приема замечаний и предложений – 10 апреля 2026 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г.Астана, пр. Мангилик-Ел. 8. Департамент экологической политики.

Тел.: 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83, 8 7076173174.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять:

– в электронном виде на элэдрес Канцелярии Министерства экологии: k.kense@ecogeo.gov.kz (необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44);

– на e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz;

– на номер «WhatsApp» 8 7076173174.

Материалы по СЭО размещены:

1) на сайте Министерства экологии (раздел «Деятельность» – раздел «Основные документы») – раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

2) на сайте заказчика: Акимат Жалағашского района.

Тамақтану орындарында қауіпсіздікті сақтайық

Қоғамдық тамақтану орындарына асхана, кафе, мейрамхана және дәмханалар жатады. Мұндай нысандарда газ және электр жабдықтарының көп қолданылуына байланысты өрт шығу қаупі жоғары болады. Сондықтан өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – адам өмірі мен мүлкін қорғаудың маңызды шарты.

Тамақтану орындарында газ плиталары, электр пештері және басқа да ас үй жабдықтары тұрақты түрде тексеріліп, тек жарамды күйде пайдаланылуы тиіс. Газ құрылғыларын пайдаланған кезде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Егер газ иісі сезілген жағдайда бірден газды өшіріп, бөлмені желдетіп, мамандарға хабарлау керек.

Сонымен қатар электр желілерін дұрыс пайдалану маңызды. Электр сым-

дарының зақымданбағанына көз жеткізіп, бір розеткаға бірнеше қуатты электр құралын қосуға болмайды. Электр қалқандары ашық әрі қолжетімді жерде орналасуы қажет.

Ас үй бөлмесінде тазалықты сақтау да өрттің алдын алуда маңызды рөл атқарады. Қайнап тұрған майды қараусыз қалдыруға болмайды, ал жанғыш материалдарды пеш пен плитаның маңында сақтамау қажет. Май қалдықтары

мен жанғыш заттар уақытылы тазартылып отыруы тиіс.

Әрбір тамақтану орнында өрт сөндіріш құралдар орнатылып, олар әрдайым қолжетімді жерде болуы қажет. Қызметкерлер өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі және өрт сөндіріш құралдарын қолдану тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Өрт шыққан жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлап, адамдарды қауіпсіз жерге эвакуациялау

Маман мерейі

Кітапханашы Айғаным

Жатақхана пердесін сәл түріп қойып, қосқабатты көреуіттің үстінде айдың бозғыл сәулесіне сүйеніп кітапқа үңілетін студенттік сәттер бүгінге дейін көз алдымызда сайрап тұр. Парақ сыбдыры ғана тұн тыныштығын бөлетін сол шақтарда біз кітаппен бірге өмір сүретіміз. Мұхтардың «Абай жолымен» қазақ даласының рухымен тыныстап, Ғабиттің «Ұлпанына» жанымыз шырландап, Сәбиттің «Ботагөзімен» бірге тағдырдың талай өткелінен өтетіміз. Кітап құдды ішкі әлеміміздің мектебіміз. Сонда менің ойланатыным, кітап оқу жасы ұзарып бара жатыр ма, әлде біз әдебиетке жақын жүректерді жоғалтып барамыз ба? Бүгінгі буынның қолындағы жарық – ай сәулесі емес, экранның сәулесі. Бәлкім мәселе оқырманның азаюында емес, әдебиеттің үнін еститін жүректердің азайып бара жатқанында шығар. Кейіпкермен бірге күліп, бірге мұңайып, сөздің тереңіне сүңгітін сол балалық болмыс сиреп бара жатқан уақытта кітаптың қасиетін ұғындырып жүрген жандардың бар екені көңілге медеу. Аудан тынысындағы сондай үнсіз еңбектің иесі – кітапханашы Айғаным Ізбасарқызы. Қастерлі мамандықты ол жай қызмет емес, руханият алдындағы аманаттай көріп, өмірінің мәніне айналдырған.



«қосынның бәріне қалай үлгеремін?» деген алаң да қылаң берген. Бір айдың ішінде төрт-бес іс-шара өткізген кездер де болды. Келген істен қашу жоқ. Тәжірибелі кітапханалармен пікір алмасып, оқырмандармен етене араласып, біртіндеп сол жұмыстың да ырғағын таптық. Қазір студенттердің мінезі де, қызығушылығы да әртүрлі. Әр үйдің еркесі мен серкесі. Соған қарай кейде «айналайындап» тапсырма беріп, кейде жай ғана әңгіме тиегін ағытып, көркем әдебиетке жақындатуға тырысамын. Кітаптағы кейіпкерлерді жалпақ тілмен баяндап берсең, жастардың да көңілі елең ете қалады. Ал кітапхана іші тек үнсіз отырған орын болып қалмасын деп коворкинг бұрышына шахмат пен тоғызқұмалақ та әкеліп қойғанбыз. Ми сергіп, ой тыныққан жерде кітапқа да көңіл жақындай түседі ғой. Менің бар тілегім де сол жастар кітаптың бетін ашқанда жаңа бір әлемге кіргендей әсер аласа екен, – дейді шағын ғана рухани мекеннің шырақшасы.

Зейнет жасына таяған қайсар жанның жанарынан өткен жолына көз тастағандағы үнсіз мақтаныштың жылуы байқалады. Мұншалықты өз ісіне адалдық қайдан келген деп ойласам, түбін енді көріп, төркінің жаңа бағамдадым. Кейіпкеріміз Ізбасар ағамыздың шаңырағында көпбалалы отбасында тәрбиеленген, оның үстіне қыздың үлкені. Қазақты үйде үлкен қызға «бауырларыңа қарайлас» деп бөлек айтып жатпаса да, тіршіліктің өзі соған бейімдеп өсіреді. Сол ерте сіңген жауапкершілік әлі күнге дейін бір саланың жүгін мығым көтеріп келе жатыр.

– Уақыт өз ерісін өзгертті. Бір кездері керек дүниені парақтап іздейтін күндер болатын. Қазір бір тінтуірді түртсең,

кітаптың атауынан бастап түгел дерегі алдыңнан шыға келеді, – дейді кейіпкеріміз саладығы серпінді жұмысымен бөлісіп.

Былтырғы оқу жылында кітапхана қоры тағы да жаңарып, сөрелерге 210 дана көркем әдеби кітап қосылды. Бүгінде мұндағы кітап саны 10 446-ға жеткен. Тарихи еңбектерден бастап, түрлі мамандыққа арналған оқулықтарға дейін іздегеніңізді табуға болады. Мұнда жолы түскен студенттердің көбі дана Абайдың терең ойлы өлеңдерін, мұз балақ Мұқағалидың жүрекке жақын жырларын жиі парақтайды екен. Ал жыл сайын бөлінетін қаражат көлеміне қарай кітап сөрелері біртіндеп толығын келеді.

Бірген адамға кітаптың өлемі бөлек. Кітапхана табалдырығын аттаған сәттен бастап көңілге бір ерекше тыныштық ұялай салады. Сөрелерге тізілген кітаптар үнсіз тұрғанымен, әрқайсысы өз әлемі ішіне бүгіп жатыр. Қарағын ашқанда аңқитын жұпар да өзгеше. Ол істі еш жерден таппайсың-ау. Бір кітапта тұтас бір дәуірдің үні, бір кітапта жан сырынды қозғайтын нәзік сезім жатады. Үңілген сайын ойың тереңдеп, көңілің байып сала береді. Оқу тек азық етеді, оны сезіну керек. Бүкіл болмысыңмен.

Қастерлі мамандықтың майталманымен әңгіме ауанын бұрсақ, өмірлік жолдасымен де осы қызмет байланыстырыпты. Бүгінде олар – әр салада абыройлы қызмет етіп жүрген үш баланың ата-анасы. Тәжірибелі маманның көп жылғы еңбегі де өз жемісін берген. «Үздік кітапханашы – 2021» республикалық байқауында I дәрежелі диплом алып, облыс және аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған. Қызылорда облыстық оқу орталығының арнайы серти-

фикатары табыстылапты. Десе де ең үлкен жеңіс артына қарағанда із қалдыра алған ғұмыр бойында жатқанда.

Кешегі мұздың еріген бір қатпары кеңет жерге құлдыап, тарс өткен дыбыс әңгімемізді сәл кідіртті. Сұхбат та мәресіне таяп қалған еді, тағы бір естеліктің шеті шыға келді. Ел еңсе тіктел келе жатқан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, рас-сымең ауданда көлік санаулы болатын. Шет-жағасын көз көрді. «Бала-шағаның қамы» деп жас кезімізде «Шошқабаз» жақтан аудан орталығына төрт мәрте жаяу қатынайтынмын» деп бастады әңгімесін. Сол кездері редакцияда жүрген Мәлік ағай оны ерсілі-қарсылы дамыл таппай жүретін күйінде талай рет көрген. Айтулы азаматты айтай таниды аудан жұрты. Ақынжанды кісі ғой, қай сан екені белгісіз, сарғайған газет қиындысында «Айғаным асқан асу» деген жолдар.

«...Сарқылған қасына кітапты құрметтеп, оны насихаттағанда тағы алға шығады. Құрғақ сөз емес, кітаптың қасиеті мен құдіретін әсем тілмен әспеттегенде жазушы не ақын ба деп қаласың. Кітапты ерніп оқымай, беріліп оқытын, тіпті көркем әдебиеттің кейіпкеріне де айналып кететін Айғанымның жұрттан артықшылығы емес, айырмашылығы осы...»

Ағайдың атын естігенде денем бір мұздап, бір шымырлап кеткен. Манадан бері сөзімді сараптап отқанда ендігі айтылар сөздің бәрі артық көрінді. Сөз шебері осылай бағалағанда, одан асырып не айтасыз?!
Гүлжан ЕСЖАН

Құрмет

«Аманат» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында партияның белсенді әйел мүшелеріне құрмет көрсетілді. Салтанатты шарада ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, партия жұмысының дамуына үлес қосып жүрген белсенді аналар мен арулар марапат төрінен көрінді.

Еңбек еленген күн



Мерекелік жиында «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева әйелдердің қоғамдағы рөліне тоқталып, олардың отбасы мен қоғам өміріндегі орны ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ ол партия жұмысына белсенді қатысып, қоғамдық бастамаларға қолдау білдіріп жүрген нәзікжандарға алғысын білдіріп, мерекелен құттықтады.

Бүгінгі мерекелеріңізбен сіздерді құттықтаймын. Жалағаш ауданында ерлермен тең еңбек етіп жатқан нәзікжандар жетерлік. Соның айқын дәлелі өздеріңіз деп білемін. Сіздердің өмір жолдарыңыз – өскелең ұрпаққа өнеге. Ауданның өсіп-өркендеуінде әрқайсыларыңыздың қолтаңбаларыңыз бар. Сіздерді адал еңбек абырой биігіне шығарып отыр. Баршаңызға тағы да мереке құтты болсын. Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін, – деді Қаншагүл Мұстафаева.

Шарада белсенді партия мүшелеріне ауданның қоғамдық-саяси өміріне қосқан үлесі үшін алғыс хат табыстылап, гүл шоқтары мен арнайы сыйлықтар берілді. Мерекелік кездесу жылы лебіздер мен ізгі тілектерге толып, әйелдер қауымына деген құрмет пен ризашылықтың жарқын көрінісіне айналды. Бүгінгі шарада марапат төрінен көрінгендер қатарында ұлағатты ұстаз Баян Сыдықова да бар. Саналы ғұмырын білім саласына сарп етіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде еселі еңбек еткен білікті педагог бүгінгі мереке қарсаңындағы құрметке алғысын білдірді.

Әйелдер қауымын, нәзікжандарды мерекелен құттықтаймын. Бүгінгі шарада еңбегімізді елеп, еңбек жолымызды дәріптеп жатқан ұйымдастырушыларға алғысын шексіз. Бүгін басқа да салалар бойынша марапат төрінен көрінген білікті мамандарды құттықтаймын, – деді ұлағатты ұстаз.

Иә, әйел – отбасының тірегі, қоғамның берекесі. Барша аналар мен аруларды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтаймыз!

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Нәзікжандар жүзуден жарысты

Сәрсенбінің сәтті күнінде Жалағаш аудандық жабық бассейні әкімшілігі мен ішкі істер органдары ардагерлерінің қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай нәзікжандар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында еркін жүзуден ашық біріншілік өтті. Шарада ауданымыздың бес мектебінен келген 50 және 60 жасқа дейінгі қатысушылар өзара бақ сынады.



Осыдан бес жыл бұрын Жалағаш ауданында ел игілігіне берілген Б.Құлтекенов атындағы аудандық жабық бассейн бүгінде тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашып, бұқаралық спорттың дамуына серпін беріп келеді. Спорт нысанында түрлі жарыстар мен шаралар тұрақты түрде өткізіліп, аудан тұрғындарының белсенділігі арта түскен. Соның бір дәлелі ретінде жақында аталған спорт нысанында кезекті жүзу жарысы ұйымдастырылып, қатысушылар өзара шеберліктерін сынағандық. Бұл жолғы жарыстың ерекшелігі, су айдынында аналар бақ сынады. Бесік пен әлемді қатар төртбеткен жандар бұл күні де сергектік пен қайсарлықтың үлгісін танытып, жүзу жолында да тізгінді нық ұстады. Шарада спорттың маңыздылығы айқын көрініс

тауып, жастары орта белді алқымдаса да қатысушылар белсенділік танытып, сергектік пен жігердің үлгісін көрсетті.

Жарыс басталар алдында бассейнің спорт жөніндегі орынбасары Берікқазы Қанзадаұлы қатысушыларды жарыстың жалпы ережесімен таныстырып, жүзу тәртібі мен қауіпсіздік талаптарын түсіндірді. Сонымен қатар спорттың адам денсаулығын нығайтудағы маңызына

тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Соңғы уақытта жастар арасында жүзу спортына қызығушылық бәсеңдеп бара жатыр. Тіпті кейбір жастардың суда еркін жүзуді білмей өсіп келе жатқаны алаңдатарлық жағдай. Сонымен қатар сіздердің еркін келіп демалуларыңыз үшін бір күнді жүзу бассейнінде әйелдер қауымына арнау қажет деген пікір де көтергім келеді. Өйткені күн бойы

тіршілікпен сарқылатын энергияны осындай сәттерде толықтырып, сергектік алуға мүмкіндік беру керек, – деді аудандық ТСВБ, ГВВД ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейбітжан Шілдебаяев.

Осыдан кейін жарысқа белгі беріліп, қатысушылар көгілдір айдында өзара бақ сынады. Ширақ қимыл мен жігерлі серпін жарыстың көркін қыздырып, тартысты бәсекеге ұласты.

Гүлжан ЕСЖАН

Газеттің келесі саны 14 наурыз, сенбі күні шығады

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №401